



ҚАУЛЫ

2021 жылғы 30 қыркүйек

Балқаш қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

40/06

№

город Балхаш

Жер учаскелерін сату жөніндегі
сауда-саттықты (аукциондарды)
өткізу бойынша кейбір сұрақтар
туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №290 бұйрығымен бекітілген Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының 3 тармағын басшылыққа ала отырып, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының №1 қосымшасына сәйкес жер учаскелерін сату жөнінде нақты сауда-саттық (аукцион) объектілері аныкталсын және сауда-саттыққа шығарылатын сауда-саттық объектілерінің бастапқы және ең төменгі бағасын, кепілдік жарналардың мөлшері бекітілсін.

2. Сауда-саттық өткізу нысаны – аукцион, сондай-ақ сауда-саттық өткізу әдісі – ағылшынша болып аныкталсын.

3. «Балқаш қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Айрат Мухаммедгумарович Карамурзинге жүктелсін.

Балқаш қаласының әкімі

О.Таурбеков

Балқаш қаласының әкімдігінің
2021 жылғы "30" қыркүйектегі
№40/06 қаулысына
№1 қосымша

**Жер учаскелерін сату жөнінде нақты сауда-саттық (аукцион) объектілері
және сауда-саттыққа шығарылатын сауда-саттық объектілерінің бастапқы
және ең төменгі бағасы, кепілдік жарналардың мөлшері**

№	Нысаналы мақсаты және бас тарту негізі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Ауданы (шаршы метр)	Құқық түрі	Кадастр- лық бағалау құны, тенге	Бастапқы және ең төменгі бағасы тенге	Кепілдік жарналар- дың мөлшері
1	Объектінің (қойма) құрылысын сату	Балқаш қаласы, Жезказған көшесінің бойы, темір жол вокзалының оңтүстік-шығысы	3600	Жалға алу 5 жыл	4 691 575	469 158	145 850
2	Объектіні (павильон) орналастыру	Балқаш қаласы, Михаил Русаков шағын ауданы, 2 үйдің солтүстігі	12	Жалға алу 5 жыл	25 398	2 540	145 850
3	Объектіні (павильон) орналастыру	Балқаш қаласы, К.Сванқұлов орамы, 17 үйдің шығысы	81	Жалға алу 5 жыл	201 152	20 115	145 850